

**8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Карагулов Адилбай Итемгеновичтің «Адамдар мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының таралуындағы жарқанаттардың рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

## **ШҚІР**

### **Диссертация тақырыбының өзектілігі.**

**Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен практика үшін маңызын негіздеу.** Докторант Карагулов Адилбай Итемгеновичтің диссертациялық жұмысының өзектілігі еш күмән тудырмайды, себебі елімізде алғаш рет адамдар мен жануарлардағы аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуында елімізде мекендейтін жарқанаттардың рөлі анықталып, әртүрлі аймақтарында мекендейтін жарқанаттар популяциясына кешенді эпизоотологиялық мониторинг жүргізілді. Жарқанаттар популяциясында аса қауіпті қоздырғыштардың таралуы мен олардың генетикалық әртүрлілігі, сонымен қатар эпизоотологиялық қауіптілік дәрежесіне қарай аудандастырылды.

Қазіргі таңда адамзаттың қоршаған ортаға тигізіп жатқан экологиялық зияны орасан зор. Халық санының өсуі, технологияның дамуы, үлкен құрылыс алаңдарының салынуы, мал санының күрт өсуі белең алуда. Жарқанаттар мекендейтін орталардың бүлінуі немесе фрагментацияға әкелетін адам әрекеті вирустардың қолқанаттылардан басқа жануарларға, сондай-ақ адамдарға тұраралық тасымалдану ықтималдығына әсер етуі мүмкін. Жарқанаттардың популяциялары арасындағы ген ағыны неғұрлым жоғары болса, вирустардың генетикалық тегінің әртүрлілігі соғұрлым төмен болады және резервуардан (қолқанаттылардан) басқа жануарларға өтуге әкелетін вирустардағы кездейсоқ спецификалық мутациялардың ықтималдығы төмен болады. Жарқанаттардың мекендейтін ортасының бөлшектенуімен, керісінше, жарқанаттардың популяциялары арасындағы гендердің ағымы азаяды және өтуді қамтамасыз ететін ерекше мутациялардың пайда болу ықтималдығы артады.

Соңғы жылдары әлемде эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша әлемде аса қауіпті жұқпалы аурулардың эпидемиялық ошақтары күрт жанданды.

Соңғы отыз жылда жұқпалы аурулардың қырықтан астам жаңа нозологиялық түрлері пайда болды. Мысалы: жұқпалы вирустық геморрагиялық қызба, прион аурулары, атипті пневмония, коронавирустар, құс тұмауы және т.б.

Көп мемлекеттерде жаңа эмерджентті аурулардың ошақтары пайда болып, төтенше жағдайлар туғызып тұр. Осы қалыптасқан жағдайлардың болуына жарқанаттардың қатысы бары ғылыми негізде дәлелденіп келеді.

Докторант А.И. Карагулов өзінің диссертациялық жұмысының тақырыбы бойынша жарқанаттардың инфекциялық ауруларын балау үшін соңғы үлгідегі инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, өзінің кәсіби біліктілігін Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті КеАҚ «Ветеринарлық және биологиялық қауіпсіздік» жоғары мектебінде, 2022 жылдың наурыз айында РФ., Мәскеу қаласында «Ресей агроөнеркәсіптік кешенді кадрлармен қамтамасыз ету академиясы» базасында жоғарылатып, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми зерттеу институтының «Индетті аурулар мониторингі» зертханасында зерттеу нәтижелерін растады.

Диссертациялық жұмыс 2020-2022 жылдары мемлекеттік тіркеу АР05085832 «Адамдар мен жануарлар арасында аса қауіпті аурулардың таралуында жарқанаттардың рөлі» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында және диссертация тақырыбы бойынша орындалған зерттеулердің өзектілігін көрсетіп, тиімді нәтижелердің шыққанын растайды.

**Докторлық диссертацияның практикалық маңызы.** Ғылыми-тәжірбелік жұмыстар жүргізу барысында алынған деректер бойынша эпизоотологиялық және

эпидемиологиялық сипаттамалар, сондай-ақ Қазақстан жағдайында осы аса қауіпті инфекциялардың көріну ерекшеліктері инфекцияларды бақылау жүйесін оңтайландыру жөніндегі шараларды әзірлеу үшін негіз болады. Диссертациялық жұмыс нәтижелері: жарқанаттарды ұстаудың тиімді әдістерін, жарқанат популяцияларындағы жұқпалы ауру қоздырғыштарын бақылау бойынша нұсқаулық, вирустың превалентілігі бойынша инфекциялық аурулардың картасын жасау болып табылады. Оларды ветеринария мамандықтарының білім алушыларының оқу үрдісінде және ветеринария дәрігерлерінің біліктілігін жоғарылату курстарының тыңдаушыларына пайдалануға болады. Мақсатты тұтынушылар біздің алған нәтижелерді республикалық, облыстық және аудандық мемлекеттік ветеринариялық мекемелер, шаруа қожалықтары, кәсіпорынның мал-дәрігерлік мамандары және ғалым зерттеушілер пайдалана алады.

**Докторлық диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер.** Докторлық диссертацияны докторант ғылыми жетекшілерінің басшылығымен бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындады.

Ғылыми жұмыс 2019-2022 жылдар аралығында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының зертханаларында және Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының базасында жүргізілді. Соның ішінде барлық жұмыстар биологиялық қауіпсіздіктің халықаралық талаптарын сақтай отырып, ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін биологиялық қауіпсіздік деңгейі-3 (BSL-3) тәжірбиелік негізгі бөлімдердің бірі - Индеттік аурулардың мониторингі зертханаларында жасалды. Сонымен қатар осы Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институттың Этика комитеті 2020 жылдың 13 шілдесіндегі №5-13.06/20 сандық хатымен жарқанаттардан алынатын биологиялық сынамалармен зерттеулер жүргізуге рұқсаты алынды. Зерттеу жұмыстары «Адамдар мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуында жарқанаттардың рөлі» жобасы аясында орындалды.

**Докторант сүйенетін негізгі ғылыми-әдістемелік ережелер.** Докторант А.И. Карагулов өзінің диссертациялық жұмысында, теориялық, әдістемелік, эксперименттік, вирусологиялық зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зерттеу барысында зертханалық зерттеу жүргізу әдістерімен расталып, жарқанаттардың индеттік ауруларының қоздырушыларын анықтап, ауруға балау жасап, зерттеу жұмыстарының нәтижесін растаған.

**Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.**

Диссертациялық жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсат-міндеттері, зерттеу нысандары, қысқаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелер берілген. Диссертациялық жұмыс бойынша апробация беріліп, тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған. Өзіндік зерттеу бөлімдерінде жарқанаттар популяциясында патогендердің таралуын анықтау үшін Қазақстанның 9 облысынан жиналған жарқанаттардың төрт түрінен 1149 үлгіге молекулярлық-генетикалық зерттеулер жүргізіліп, барлық алынған биологиялық сынамалар келесі инфекциялардың қоздырғыштарына тексерілген: А типті тұмау вирусы, коронавирустар, Таяу шығыс респираторлық синдромы, хантавирустар, морбилливирустар және құтыру вирусы мен олардың құрылымдық өзгерістерін зерттеу нәтижелері көрсетілді.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.** Зерттеу нәтижелері институттың кеңейтілген отырысында, Қазақтан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі биотехнология, ветеринария және медицина үшін қазіргі заманғы сын-кәтерлер» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында, (Гвардейский қалашығы, 2021 жыл), «Ғылымға жол 2022» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Орал қаласы, 2022 жыл), "Ғылым және технологиялар" халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында ( Алматы, 2024 жыл) баяндалып, талқыланды. Диссертациялық материалдар негізінде 7 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 3 мақала ҚР БҒМ БҒБК ұсынған басылымдарда, 1 мақала Scopus Web Science

мәліметтер базасына кіретін журналда, 3 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында жарияланған. 1 өндіріске ұсыныс әзірленді.

**Докторанттың жеке үлесі.** Ізденуші диссертациялық тақырып бойынша вирусологиялық, микробиологиялық, зерттеулер және өндірістік тәжірибе жұмыстарын жеке өзі және кейбір материалдарды ғылыми кеңесшілерінің нұсқауымен орындады. Бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялады және өндіріске ұсыныс дайындады.

**Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, зерттеу әдістері бойынша жинақталған тәжірибе.** Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі сапасы айтарлықтай артты. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ғылым жолында орындаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасау барысында тәжірибесінің мол екендігін байқатып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде көрсете білді.

**Қорытынды.** Докторант Карагулов Адилбай Итемгеновичтің диссертациясы автордың өзі орындаған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады және докторант ғылыми дәрежесін алу үшін ҚР Жоғары аттестаттау комиссиясының диссертациясына қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерін оқу үрдісіне, инновациялық жобаларға енгізуге толықтай болады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде Карагулов Адилбай Итемгеновтің «Адамдар мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының таралуындағы жарқанатардың рөлі» тақырыбында дайындаған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті КеАҚ,  
«Ветеринарлық медицина және  
мал шаруашылығы»  
институтының профессоры, в.ғ.д

Наметов А.М.

Пікір беруші в.ғ.д.  
А.М. Наметовтің  
қолын растаймын,  
Ғалым хатшы



С.М. Баянтасова

